## №7 хаттама

„Ақсанкелді орта мектебі" КММ-нің кезектен тыс педагогикалық кеңесінің отырысы отырысы

(...кеңесі жиналысы)

15.04.2025 жыл.

(...өткізілген күні толық көрсетілуі тиіс)

Қатысқандар: (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсетіледі)

1. Сүндетов Н.
2. Дүйсеғалиева Б.
3. Житнюк Е. (қолы)
4. Жұмағалиева А.
5. Ұлықпанов Қ.
6. Есқалиева А.
7. Мұхамбетжан Л.
8. Жұбатқанова Г. (қолы)
9. Кабылканова Л.
10. Малыбаева А.
11. Медешаева Л.
12. Әбдірзақ М.
13. Құтжали С.
14. Жұмелов Қ.
15. Үмбетова Г.
16. Мұқашева Г. (қолы)
17. Мұсирова Л.
18. Тлеужанова С.
19. Сайық А.
20. Қатпыжали Т.
21. Әмирова А.
22. Сатиева М.
23. Қалиева Н.
24. Достанова М.
25. Матланов С.
26. Төлепбергенов А.
27. Мырзажанова Г.
28. Ахметова Г.
29. Смағұлова Э.
30. Әлжан М.

Күн тәртібі:

Балаларды тасымалдау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығының талаптарын педагогтерге таныстыру туралы.

II. Тыңдалды: 1. Қаралған мәселенің тақырыбы.

1. Сүндетов Н. Н. (мектеп директоры)

Қазіргі таңдағы басты мәселенің бірі - балаларды тасымалдау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр. Кезектен тыс педагогикалық кеңестің мақсаты - сіздерді ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығымен таныстыру.

Аталмыш бұйрықтың 7§ 231 тарауында балалардың ұйымдасқан топтарын тасымалдауда қамтамасыз ететін тасымалдаушы жүргізушілердің жұмысын жүргізушілердің еңбегі мен демалысын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес және мынадай жағдайларды ескере отырып ұйымдастырады: бір жүргізушімен ұзақтығы 12 сағатқа дейінгі, екі жүргізушімен 12 сағаттан асатын маршруттар бойынша: жүргізушілер мен жолаушылардың кемінде 8 сағат толыққанды демалуына жағдай жасауды ескере отырып, ұзақтығы 16 сағаттан асатын маршруттар

бойынша ұйымдастырады.
232-тарау бойынша автомобиль көлігімен
балаларды тасымалдау (экскурсиялық
және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан
артық болған кезінде және басқа көлік түрі-
мен балаларды жеткізуді ұйымдастыру
мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге
асырылады.
234-тарау бойынша балаларды жап-
пай тасымалдауды және балаларды
алыс қашықтықтарға тасымалдауды
тасымалдаушы, балаларды оқытушы-
лар немесе арнайы тағайындалған
ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам)
алып барған жағдайда ғана орындауға
мүмкін екендігі көрсетіледі.
237-тарауда автобуста жол жүруге мы-
надай балаларға және ересек еріп жүрушілер-
ге рұқсат етілмейді:
1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын,
тайзорған жай-күйінде;
2) алкаголь, есірткі, психотропты және улағыш
заттардың әсері болғанда деп атап көрсеткен.
241-тарауда балаларды жаппай тасы-
малдауды орындау алдында тапсырыс
берушіге үш тәуліктен кешіктірмей тасы-
малдаудың басталуы белгіленген мерзіміне
дейін ЭПК-ге жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге мынадай көрсеткіштер-
ді көрсете отырып, ЭПК-ге арнайы автомобильдері-
мен автобустардың еріп жүруі туралы
мәселелерді шешу үшін ресми өтінім
ұсынады:
1) күндері мен қозғалыс маршруты;
2) маршруттың бақылау нүктелерінен
өту уақытын, аялдама және демалу
орындарын анықтауды қамтитын
жүргізушілердің еңбек және демалыс
режимінің талаптарына жауап бере-
тін қозғалыс кестесі.
3) медициналық көмек көрсету, аурухана-
лар пункттердің көрсетілуімен қозғалыс
жолының схемасы;
4) белгіленген жағдайда медициналық
еріп жүруді растау.
5) автобустың маркалары және мемлекеттік
тіркеу нөмірлік белгілерін, білім беру

аумақтық органдарымен бекітілген балалардың
және оларға еріп жүретін адамдардың тізімін
қоса бере отырып, балаларды тасымалдауды
орындайтын жүргізушілердің аты-жөндері
көрсетілетіні айтылған.

3§. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыруға автобустарды дайындау туралы 245-тарауда автобустың алдында және артында орнатылатын „Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрышы атқаратын белгінің болуы, сары түсті жолтыр шағын маяктың болуы, әрқайсысының сыйымдылығы кемінде 2 литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштердің болуы, алғашқы медициналық көмек қобдишасының болуы, екі жылжуға қарсы тіректердің, аварияның тоқтау белгілерінің болуы, колоннада жүргенде автобустың айдаушы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталуы міндеттелген.

5-параграфта балаларды алып жүруге және балалармен сабақ өткізуге жауапты адамды дайындау туралы, 6-параграфта балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілерге, олардың еңбектерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар туралы, 7-параграфта аэродромға және отрядтың орнына автобустарды беру туралы айтылған.

Балаларды қауіпсіз тасымалдаудың біріңғай іс-қимыл алгоритмі туралы тәрбие ісінің орынбасары Житрук Е. айтып өтсін.

2. Житрук Е. (тәрбие ісінің орынбасары)

I. Сынып жетекші немесе пән мұғалімі

1. саяхат немесе түрлі деңгейдегі жарыс туралы ақпаратты оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына енгізеді.

2. Ата-аналардан немесе (басшылар) балалардың заңды өкілдерінен балаларды тасымалдау туралы жазбаша келісім алады.

3. Білім беру ұйымының басшысының атына балалардың жол жүруі туралы өтініш түсіреді.

4. Жүргізуші міндетті түрде қол қоя отырып, білім алушылармен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама жүргізеді.

II Білім беру ұйымының басшысы

1. Балаларды тасымалдауға қатысты оқу жылына арналған мектепішілік іс-шаралар жоспарын бекітеді.

2. Сынып жетекшісі немесе пән мұғалімінен сұраныс түскеннен кейін тасымалдауға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық әкімшілік полицияға патрульдік сүйемелдеуді ұйымдастыру туралы өтініш жолдайды.

3. Балалардың ұйымдасқан тобын сүйемелдеу үшін білікті медицина қызметкерін бөлуге өтінім жібереді.

4. Ауданның білім бөлімінің басшысына 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сапарға рұқсат беру туралы өтініш жолдайды, білім бөлімін хабардар етеді.

5. Білім беру қызметкерлерінің арасынан балаларға жетекшілік жасау үшін жауапты тұлға тағайындайды.

6. Балаларды қауіпсіз тасымалдау туралы бұйрық шығарады.

- әр баланың тегін, атын, әкесінің атын және жасын, ата-анасының (заңды өкілдерінің) телефон нөмірін көрсете отырып, балалардың тізімі бекітіледі.

- қозғалыс кестесі, тасымалдаудың есептік уақытын, демалыс және тамақтану үшін аялдау орындары мен уақытын көрсете отырып, маршруттың бағдарламасы, егер сапар 3 сағаттан асатын уақытқа созылса, маршруттың схемасы бекітіледі. Балаларды тасымалдауға кемінде 25 жастағы тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізуші ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар тұлғаға, соңғы 3 жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілі бар тұлғаға рұқсат етіледі.

Қаулы етті: 1. Ұйымдасқан балалар тасымалы
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму
3. министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 «Автомобиль
4. көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағи-
5. даларын бекіту туралы" бұйрығы талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.

Төраға Сүндетов Ж. (Т.Ә.А.(болған жағдайда)
Хатшы Жұмағалиева А. (Т.Ә.А.(болған жағдайда)